

36 Konyrartbaev O. Turar Ryskulov: kogamdyk-sajasi zhane memlekettik kyzmeti. Turkistan kezeni. – Almaty: «Kazakstan», 1994. – 448 b.

### **РУСТЕМОВ С.К.**

СНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

### **1916 ГОД: КАЗАХСКО-КИРГИЗСКИЕ БЕЖЕНЦЫ**

#### **Резюме**

В данной статье описывается переселение казахов в Китай в 1916 г., анализируются обстоятельства их проживания в Восточном Туркестане, а также раскрываются основные причины возвращения казахов после февральской революции 1917 г.

**Ключевые слова:** восстание, карательный, беженец, революция, переселение, организация помощи.

### **RUSTEMOV S.K.**

Ch.Ch.Valikhanov Institute of History and Ethnology Senior Research Fellow

### **1916: KAZAKH-KYRGYZ REFUGEES**

#### **Summary**

In this article the author describes the migration of Kazakhs to China in 1916, analyzes the circumstances of their habitation in the East Turkestan, and also reveals the main reasons of Kazakh returning after the February revolution of 1917.

**Keywords:** uprising, punitive, refugee, revolution, migration, assistance organization.

ӘОЖ 94(574) 083.76:930.25

### **ОРАЗОВ Р.Е.**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері

### **ЖЕТІСУ 1916 ЖЫЛ: МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНДА**

#### **Аннотация**

Мақалада Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтерілістің шығу себептері мен майданға осы өлкеден жұмысқа алынатын адамдардың саны берілген. Сонымен қатар, облыс губернаторы мен Жаркент уезі басшыларының Қарқара көтерілісін ұйымдастырушы деп таныған Жәмеңке Мәмбетұлы мен Ұзақ Саурықұлдарына қатысты ұстанымдары мұрағат деректері арқылы талданған. Жазалаушы әскердің тегеуіріне шыдамай Қытай жеріне босқан Жаркент уезі қазақтардың саны келтірілген. Автор өз ой-тұжырымдарын түп деректерге сүйене отырып дәйектеген.

**Түйін сөздер:** 1916 жыл, Жетісу, көтеріліс, әскери-губернатор, пристав, отарлау, босқыншылық.

1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстандағы көтеріліс мәселесі түрлі көзқарастар мен пікірлер төңірегінде жазылған бай тарихнамасымен ерекшеленеді. Отарлаушы үкіметтің шенеуніктерінің пікірлері ресми құжаттарда, рапорттарында, есептері мен жазбаларында көрініс тапқан. Олар 1916 жылғы оқиғаларды өздерінің отарлық саясаты негізінде кездейсоқ болған құбылыс дейді. Сонымен бірге, олардың пікірінше 1916 жылғы көтеріліс Ресейге жау кейбір шет мемлекеттердің жансы-

здарының, яғни, Түркия, Англия, Германия мемлекеттерінің арандатушылығы деп көрсетілді [1, 1-10 пп.].

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Қазақ даласын отарлауды аяқтаған патшалық Ресей енді қазақ қоғамының ішкі өміріндегі бұрынғы табиғи үрдістерді үзіп, оның есесіне империялық жаңа басқару жүйесін енгізді. Бұл жалпы отар халықтардың өміріне тән табиғи үдеріс. Отарлық саяси билік өлкедегі ұлттық үю үдерісінің нығаюын тежеп, керісінше рулық-жүздік алауыздықтың орныға түсуіне мүдделігін арттырды, ал отарлаушы аппарат болса жергілікті халықты ортағасырлық надандық құрсауында неғұрлым ұзағырақ ұстауға күш салды. XX ғасыр басында Жетісу өлкесіндегі әлеуметтік-саяси өмірдегі қайшылықтар күннен-күнге тереңдеп, жергілікті халықтың отаршыл жүйеге деген наразылығын күшейте түсті. Оған қоса өлкеде отарлық билік тұсында қалыптасқан саяси-экономикалық жағдайларда шиеленісіп, Жетісудағы қазақтардың отарлық билікке қарсы бас көтеруіне әкелді. Халықтың билікке қарсы шығуының бірнеше себептері болды.

Біріншіден, Әндіжан көтерілісінен кейін патша өкіметі өлкедегі әскери-полициялық тәртіптің басты тірегі санаған орыс шаруаларын қаруландыруды қолға алды. Орыс шаруаларын қаруландыру мәселесін алғаш көтерген Сырдария облысының әскери-губернаторы Гродеков болатын. 1891 жылы 15 қыркүйекте әскери министрге жолдаған ұсынысында орыс шаруаларын қаруландыру арқылы өлкедегі әскердің санын қысқартуға болатынын айтып, мұндай қаруландыру нәтижесінде «әрбір орыс қонысы әскери батальонға пара-пар келеді» деген пікірін білдірген [2, 12-п.].

Гродековтың орыс қоныс аударушыларын қаруландыру туралы ұсынысы орталық билік орындарында пікірталас туғызған еді. Пікір талас барысында үкімет тарапынан таратылып берілген қаруды орыс шаруалары қалай қолданады, қаруланған шаруалар үкіметке қауіп төндірмей ме деген мәселе де талқыланады. Осыған қарамастан қоныс аударушыларды қаруландыру туралы ұсыныс қолдау тапты. «Орыс қоныстарын қаруландыру туралы» заң жобасы 1891 жылы 29 қарашада Министрлер кеңесінде қабылданып, патша тарапынан бекітілді. Мұның артынша қоныс аударушыларға таратылып берілген қаруды айырбастауға, сыйға тартуға және түземдіктерге сатуға қатаң тыйым салған арнайы «Ереже» қабылданды. «Ережеге» сәйкес қару алған әрбір қоныс аударушы үкімет өкіліне «мен бұл қаруды түземдіктерге сатпаймын. Жай да бермеймін» деп қолхат беруге тиіс болды [3, с. 5.]. 1898 жылы Сырдария облысындағы орыс қоныстарына 1134 винтовка, Жетісу облысына 3000 винтовка таратылды. Жетісу облысында таратылған винтовканың 1000-ы казактардың, 2000-ы орыс шаруаларының үлесіне тиді [4, 340-п.].

Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарын қаруландыру ісі бұдан кейінгі кезеңде де жалғасын тапты. 1911 жылы 26 қаңтарда Жетісу облыстық әскери губернаторы уезд басшыларына күпия түрде нұсқау хат жолдап, онда орыс қоныстарындағы әрбір 8 үйге бір винтовкадан келетіндей етіп қару таратуды қолға алуды талап еткен болатын. Осы кезде уезд басшыларының қарауындағы қоймаларда 7257 винтовка, 412 089 оқ-дәрі сақталып тұрған еді. Оның ішінде Верный уезінде 2223, Қапал уезінде 441, Лепсі уезінде 1161, Жаркент уезінде 119 винтовка болды [5, 58-п.]. Жетісу облысы әскери губернаторы жоғарыда айтылған нұсқау хатында уезд басшыларына қаруды таратып болған соң, орыс қоныстарында қарулы жасақтар құруды да ұйымдастыруды тапсырған еді. Әскери-губернатордың нұсқауы бойынша мұндай қарулы жасақтың міндетіне қоныстардағы тәртіпті сақтау, төңіректегі қазақ-қырғыздардың көңіл-күйін қадағалау, бүлік бола қалған жағдайда қоныстарды қорғап, бүлікшілерге тосқауыл қою жүктелді. 1914-1915 жылдары соғыс майданында қарудың жетіспеуіне байланысты кезінде Түркістан өлкесінде орыс қоныстарында таратылып берілген қаруды жиып алу мәселесі көтерілген болатын. Алайда жергілікті билік орындарының өтініш білдіруіне орай Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарынан қару жиналып алынбайтын болды. Бұл

жөнінде әскери министр жергілікті билік орындарының өтініштерін ескере отырып, Министрлер кеңесі төрағасы атына жолдаған қатынас хатында: «Таратылып берілген қарулардың кейбір түрлері соғыс майдандарына аса қажет емес. Ресейдің азиялық бөлігіндегі кейбір аудандар үшін саяси мәнге ие. Сондықтан Түркістан өлкесіндегі орыс шаруаларына таратылып берілген қаруларды жинастырып алудың қажеттігі жоқ деп санаймын» – деп жазды [6, с.73.].

Отарлық билік орындары орыс қоныс аударушыларын қаруландырумен қатар жергілікті халықтарды қарусыздандыру саясатын жүргізеді. 1891 жылы 27 қарашада жергілікті халықтарға оқпен атылатын қару ұстауға тыйым салған бұйрыққа Түркістан генерал-губернаторы қол қойды. Осы бұйрық негізінде облыстық және уездік әкімшілік жанынан жергілікті халықтың қолынан оқпен атылатын қаруды жинастырып алу үшін арнайы топ құрылды. Мақсат жергілікті халықты қарусыздандыра отырып, оның отарлық билік орындарына қарсылық көрсету мүмкіндігін барынша әлсірете түсу.

Екіншіден, 1916 жылғы көтерілістің шығуының ең басты себептерінің бірі Жетісудағы жер мәселесі. Аталған мәселе 1916 жылдың қарсаңында тіптен шиеленіскен. 1891 жылғы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереженің 119 бабы бойынша, яғни «көшпенділер қоныстанған жерлер және сол жерлерге тиесілі нәрселер, сондай-ақ ормандар да мемлекет меншігі ретінде мойындалады», - деп бекітілді. Осылайша отаршыл жүйе ғасырлар бойғы қазақтардың ата-қоныстарын мемлекет меншігі, яғни, Ресей империясының меншігі деп жариялады. Ал, осы Ереженің 120 бабында «Көшпелілер қоныстанған жер, олардың дәстүрі мен осы ереже баптары негізінде көшпелілердің мерзімсіз қоғамдық пайдалануында қалдырылады», – деп халықтың өз жерін өзіне «қайыр» етіп бергендей көрсетеді. Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрлігінің құзырына өтеді [7, 50-51-бб.]. Бұл Ереженің отарлық сипатын анық көрсетті.

Патша әкімшілігінің қоныс аудару саясаты бойынша ХІХ ғасырдың екінші жартысында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман және Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский казачествомен отарлаудан гөрі переселен шаруалармен отарлау тиімдірек деп есептеді. 90-жылдардың басындағы Россиядағы болған ашаршылықтан кейін Жетісуға өз еркімен қоныс аударушы орыс шаруалардың қарқыны күшейе түсті. Осы жылдардан кейін Жетісуды шаруалармен отарлау басқаша сипатқа ие болды. Алғашқы жоспарды «артығымен» орындағаннан кейін, енді жоспардан «тыс» келген шаруаларды орналастыру патша әкімшілігіне біраз қиындықтар тудырды. Осыдан кейін патша әкімшілігі өлкеден басы артық жер іздей бастады. Ал оған дейін 1896 жылы Жетісуға өз бетімен келушілер үшін жол жабылды, бірақ бұл шаралардан кейін де Жетісуға «өз бетімен келуші» орыс шаруаларының толқыны тоқтамады. 1896 жылдан 1909 жылға дейін Жетісуға тағы да 17911 орыс шаруа өз бетімен келді. 1910-1914 жылдар аралығында 47 610 шаруа, барлығы 65 521 шаруа қоныс аударды [8, с. 205]. Қазақтар арасында қоныстанушыларға жалданып жұмыс істейтін батрак-малайлар көбейді. 1916 жылы патша әкімшілігі славян отаршылары үшін жаңадан жер тартып алуды ойластырды. Бүкіл қазақ жерлерінен 45 млн. десятина жер тартып алынды, ол жерлерде 941 қоныстанушылар поселкелері пайда болды.

Үшіншіден, 1914 жылы Ресейдің қатысуымен басталған бірінші дүниежүзілік соғыс ішкі Ресей халқының да, шет аймақтардағы «бұратана» халықтың да жағдайына қатты әсер еткені белгілі. Шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның өнімі күрт төмендеді, мал саны кеміді. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды, тағы сол сияқты материалдық игілікті қажет етті. Өлкеде жергілікті өнімдер арзан бағада саудаланып, сырттан тасымалданатын өнім қымбаттап, халықтың шаруашылығы күйзеліп, әл-ауқаты нашарлады. Сырттан келетін тауарлардың бағасы өте қымбат болған. Импералистік соғыс жылдарында өлкеде экономикалық күйзеліспен қатар халықтарды саяси езу де күшейе түсті. Соғыстың алғашқы күндері-ақ патша үкіметі өлкеде «төтенше жағдай» енгізді.

Далалық генерал-губернатордың ерекше қаулысымен Сібір темір жолының бойында «жиналыс, ереуіл, жұмыстан бас тартуға байланысты әскери жағдай» енгізілді. Патшаға қарсы шығып ереуіл жасауға және оған шақыруға, жалпы патша әкімшілігінің қызметкерлеріне қарсы шыққан кінәлілер өлім жазасына кесілетін болды. 1914 жылы әскери министрдің арнайы жарлығымен Дала генерал-губернаторына ерекше құқықтар беріліп, басылымдарға әскери цензура қойылды [9, с. 25.]. Соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен үлкен мөлшерде мақта мен мақта майы, 474 мың балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 38 пұт мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй алынды. Уақыт өткен сайын халықты майданға байланысты тонау, қанау саясаты күшейе түсті. Халықтың әлауақыты күннен-күнге нашарлай берді. Мұндай жағдай әрине, Жетісудың жергілікті халқына да тән. 1914 жылы Жетісу облысынан 34 миллион сомның малымен шаруашылық өнімдері жөнелтілді [10, с. 628.].

Төртіншіден, 1916 жылғы көтерілістің басталуына негізгі себеп болған саяси жағдай Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы Орталық Азия, Қазақстан және Сібірдегі халықтардың 19 пен 43 жас аралығындағы «бұратана» халықтардың ер азаматтарын майданның қара жұмысына шақыру туралы жарлығы еді. Түркістан өлкесінен майданға қара жұмысқа 250 мың, Дала өлкесінен 230 мың адам алынады деп жоспарланды [11, с.14.]. Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты 5 облысқа 250 мың адам былай бөлінді. Сырдария облысынан - 87 мың, Самарқанд облысынан - 38 мың, Ферғана облысынан - 50 мың, Закаспий облысынан - 15 мың, Жетісу облысынан - 60 мың адам алынады деп белгіленді. Оны уездерге бөлгенде Верный уезінен - 11580, Қапал уезінен - 9940, Лепсі уезінен - 8530, Жаркент уезінен - 9070, Пржевал уезінен - 9350, Пішпек уезінен - 11530 [12, 35-п.].

Кейіннен бұл сан 250 мыңнан 200 мыңға қысқартылды. Қазақтар тұратын Сырдария облысынан майданға алынатын адамдар саны 60 мың, Жетісу облысынан алынатын адамдар саны 43 мыңға түсірілді. Осы санды Жетісу облысындағы уездерге шаққанда төмендегідей:

**1 кесте - Жетісу облысы уездерінен майданға алынатын адамдар саны [12, 173-п.].**

уездер	қазақтар	тараншылар (үйғырлар)	дүнгендер	сарт-қалмақтар	сарттар	барлығы
Верный уезі	7120	1800	-	-	80	9000
Қапал уезі	7480	-	-	-	20	7500
Лепсі уезі	6000	-	-	-	-	6000
Жаркент уезі	4260	1600	100	-	40	6000
Пржевал уезі	6140	-	150	100	110	6500
Пішпек уезі	7500	-	350	-	150	8000
Барлығы	38 500	3 400	600	100	400	43 000

**2-кестеге** көз жүгіртсек, Жаркент уезіне қарасты болыстықтардан майданға қара жұмысқа алынатындар саны төмендегідей болып бөлінді [13, 28-31-пп.]:

№	Болыстықтардың аты мен ауыл, қыстақтар	жұмысшылар саны	ескертулер
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
1	Жаркент қаласындағы жинау орнына <b>Сатай болыстығы</b>		
	№1 ауыл	24	
	№2 ауыл	15	
	№3 ауыл	35	
	№4 ауыл	11	
	№5 ауыл	49	
	№6 ауыл	42	
	Барлығы	176	
<b>2</b>	<b>Байтүгей болыстығы</b>		

1	2	3	4
	№1 ауыл	53	
	№2 ауыл	20	
	№3 ауыл	21	
	№4 ауыл	19	
	№5 ауыл	16	
	№6 ауыл	21	
	№7 ауыл	20	
	Барлығы	170	
3	<b>Тоқарыстан болыстығы</b>		
	№1 ауыла	43	
	№2 ауыла	73	
	№3 ауыла	56	
	№4 ауыла	43	
	№5 ауыла	23	
	Барлығы	238	
4	<b>Тұрдымбет болыстығы</b>		
	№1 ауыл	55	
	№2 ауыл	43	
	№3 ауыл	55	
	№4 ауыл	43	
	№5 ауыл	24	
	№6 ауыл	34	
	Барлығы	254	
5	<b>Борохүзир болыстығы</b>		
	№1 ауыл	39	
	№2 ауыл	37	
	№3 ауыл	44	
	№4 ауыл	24	
	№5 ауыл	29	
	№6 ауыл	32	
	№7 ауыл	17	
	Барлығы	222	
6	<b>Төгерек болыстығы</b>		
	№1 ауыл	35	
	№2 ауыл	28	
	№3 ауыл	26	
	№4 ауыл	39	
	№5 ауыл	21	
	Барлығы	149	
7	<b>Бөдегі болыстығы</b>		
	№1 ауыл	39	
	№2 ауыл	62	
	№3 ауыл	46	
	№4 ауыл	33	
	№5 ауыл	35	
	№6 ауыл	22	
	№7 ауыл	37	
	№8 ауыл	14	
	Барлығы	288	
8	<b>Қожмамбет болыстығы</b>		

1	2	3	4
	№1 ауыл	62	
	№2 ауыл	54	
	№3 ауыл	47	
	№4 ауыл	40	
	№5 ауыл	22	
	№6 ауыл	34	
	№7 ауыл	54	
	№8 ауыл	25	
	№9 ауыл	12	
	Барлығы	350	
9	<b>Қоңырбөрік болыстығы</b>		
	№1 ауыл	51	
	№2 ауыл	38	
	№3 ауыл	40	
	№4 ауыл	34	
	№5 ауыл	40	
	№6 ауыл	42	
	№7 ауыл	23	
	№8 ауыл	38	
	Барлығы	306	
10	<b>Сарытоғай болыстығы</b>		
	№1 ауыл	25	
	№2 ауыл	50	
	№3 ауыл	19	
	№4 ауыл	12	
	№5 ауыл	15	
	№6 ауыл	13	
	№7 ауыл	19	
	Барлығы	153	
11	<b>Жаркент-Тараншы болыстығы</b>		
	Городское қыстағы	70	
	Денмоле қыстағы	48	
	Казаншы қыстағы	51	
	Жаңа Тышқан қыстағы	54	
	Мазар қыстағы	33	
	Шолоқай қыстағы	46	
	Нағрачи қыстағы	89	
	Хонохай қыстағы	35	
	Сокур Хатун қыстағы	33	
	Барлығы	459	
12	<b>Ақкент болыстығы</b>		
	Ақкент қыстағы	58	
	Худояр қыстағы	67	
	Төменгі Пенджим қыстағы	22	
	Жоғарғы Пенджим қыстағы	40	
	Розымамат қыстағы	43	
	Кепек қыстағы	26	
	Солонкент қыстағы	35	
	Молла-Тохта қыстағы	36	
	Қорғас қыстағы	52	

1	2	3	4
	Мамеяр қыстағы	33	
	Турфан қыстағы	26	
	Аракент қыстағы	17	
	Садық қыстағы	35	
	Барлығы	480	
13	<b>Жаркент-Дүнген болыстығы</b>		
	1-ші старшындық	66	
	2-ші старшындық	38	
	Барлығы	104	
	Жаркент қаласындағы жинау орнына келетіндердің барлығы	3349	
1	<b>Подгорный станицасындағы жинау орнына Ақсу-Шарын болыстығы</b>		
	Кіші Ақсу қыстағы	44	
	Үлкен Ақсу қыстағы	60	
	Орта Ақсу қыстағы	60	
	Баян қазақ қыстағы	52	
	Оспан – Юзы қыстағы	34	
	Қисық Бура қыстағы	39	
	Шарын қыстағы	92	
	Барлығы	381	
2	<b>Кетмен болыстығы</b>		
	Шұңқар қыстағы	33	
	Дардамты қыстағы	8	
	Ақтам қыстағы	32	
	Үлкен Ачинохо қыстағы	11	
	Үлкен Кетпен қыстағы	51	
	Кіші Кетпен қыстағы	4	
	Кіші Ачинохо қыстағы	22	
	Қалжат қыстағы	83	
	Удуть қыстағы	11	
	Тегермен қыстағы	52	
	Долайты Аубун қыстағы	39	
	Барлығы	346	
3	<b>Меркі болыстығы</b>		
	№1 ауыл	63	
	№2 ауыл	34	
	№3 ауыл	53	
	№4 ауыл	58	
	№5 ауыл	31	
	№6 ауыл	38	
	№7 ауыл	11	
	Барлығы	288	
4	<b>Торыайғыр болыстығы</b>		
	№1 ауыл	25	
	№2 ауыл	44	
	№3 ауыл	40	
	№4 ауыл	48	
	Барлығы	157	
5	<b>Әділбек болыстығы</b>		
	№1 ауыл	16	
	№2 ауыл	24	

1	2	3	4
	№3 ауыл	22	
	№4 ауыл	24	
	Барлығы	86	
6	<b>Кеген болыстығы</b>		
	№1 ауыл	40	
	№2 ауыл	48	
	№3 ауыл	17	
	№4 ауыл	34	
	№5 ауыл	9	
	№6 ауыл	11	
	№7 ауыл	35	
	№8 ауыл	36	
	Барлығы	230	
7	<b>Шілік болыстығы</b>		
	№1 ауыл	23	
	№2 ауыл	18	
	№3 ауыл	34	
	№4 ауыл	59	
	№5 ауыл	44	
	№6 ауыл	51	
	№7 ауыл	35	
	№8 ауыл	30	
	№9 ауыл	32	
	Барлығы	326	
8	<b>Алжан болыстығы</b>		
	№1 ауыл	32	
	№2 ауыл	12	
	№3 ауыл	24	
	№4 ауыл	52	
	№5 ауыл	40	
	№6 ауыл	32	
	№7 ауыл	20	
	№8 ауыл	23	
	№9 ауыл	14	
	Барлығы	249	
9	<b>Құрман болыстығы</b>		
	№1 ауыл	19	
	№2 ауыл	9	
	№3 ауыл	13	
	№4 ауыл	34	
	№5 ауыл	35	
	№6 ауыл	38	
	№7 ауыл	27	
	№8 ауыл	7	
	№9 ауыл	13	
	№10 ауыл	11	
	Барлығы	206	
10	<b>Иванов болыстығы</b>		
	№1 ауыл	19	
	№2 ауыл	34	



1	2	3	4
	№3 ауыл	22	
	№4 ауыл	12	
	№5 ауыл	24	
	№6 ауыл	9	
	№7 ауыл	26	
	№8 ауыл	23	
	Барлығы	169	
11	<b>Байынқол болыстығы</b>		
	№1 ауыл	32	
	№2 ауыл	7	
	№3 ауыл	23	
	№4 ауыл	37	
	№5 ауыл	36	
	№6 ауыл	13	
	№7 ауыл	26	
	№8 ауыл	26	
	Барлығы	200	
12	<b>Айт болыстығы</b>		
	№1 ауыл	38	
	№2 ауыл	17	
	№3 ауыл	26	
	№4 ауыл	43	
	№5 ауыл	10	
	№6 ауыл	25	
	№7 ауыл	-	
	№8 ауыл	21	
	№9 ауыл	18	
	Барлығы	198	
	Подгорный станицасына жиналатындардың барлығы		
	Жаркент уезі бойынша барлығы	2836	
		6185	
	<b>Барлығы</b>	<b>6185</b>	

Аталған тізім бойынша Жаркент уезіне қарасты қазақтардан майданға алынатындар саны 4415 болса, ұйғырлардан 1770 адам, дүнгендерден 104 адам деп есептелінді. Жалпы, Жаркент уезінен майданға қара жұмысқа алтынатын қазақтар саны жоғарғы бірінші кестеде 4260, ұйғырлар 1600, дүнгендер 100 деп берілген. Екінші кесте бойынша қазақтардан 155 адам, ұйғырлардан 170 адам, дүнгендерден 4 адам артық көрсетілген.

Қазақстанның барлық аймақтарында жергілікті халықтың стихиялы наразылықтары басталып, тыл жұмысына «адам бермейміз» деген көтерілісшілер жергілікті патша әкімшіліктерінің кеңселері мен үйлерін өртеп, тізімдерді жояды. Осылайша, олар тыл жұмыстарына адам алудан құтыламыз деп ойлайды. Стихиялы көтеріліс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, аяғы қарулы күреске ұласып, ұлттық және саяси азаттықты ұран етіп көтереді, оның негізгі ірі ошақтары Торғай мен Жетісу облыстары еді.

Жетісудағы ірі көтерілістер осы кезде Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын учаскесіне қарасты Меркі, Шілік болыстарында, Қарқара жайлауында, Верный уезіндегі Асы жайлауы мен Қызылбөрік, Сөгеті, Қорам, Ұзынағаш, Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмас болыстарында, Лепсі және Қапал уездерінің кейбір болыстарында (Мақаншы, Садыр, Мәмбет-Қысқаш, т.б.) орын алды.

1916 жылы Жетісуда болған қазақ қауымының ұлт-азаттық қозғалысының ірі ошағының бірі – Қарқара көтерілісі. Оған негізінен Албан тайпасының рулары қатысты. Жаз айларында Қарқара жайлауында Албан рулары сығылыса қоныстанып отыратын. 1916 жылы 2 шілдеде Қарқара жәрмеңкесінің орталық алаңында пристав Подварков патшаның жарлығын жүрт алдында мәлімдеп, бес күн ішінде мобилизацияға жататын жігіттердің тізімін өткізуге болыстарға әмір берді. Бұл сұмдық хабар барлық ауылдарға лезде таралып кетті. Жаппай тізім жасала бастаған кезде халық майданға барып қырылғанша, одан да қолға қару алып күреске шығуға ниет білдірді.

1916 жылы 6 шілдеде Ақбейіт тауының шығыс етегінде 16 болысқа қарасты тұрғындардың алқа тобы бас қосқан мәслихаты болды. Онда патша жарлығына байланысты мәселе талқыланды. Жиналғандар майданның қара жұмысына жігіттер жіберілмесін, оған жіберілуге дайындалған адамдардың тізімін жою керек деп шешім қабылдады. Бұл мәслихатта кейінірек көтеріліс басшыларының бірі болған Жәмеңке Мәмбетов «Бала өлгенше шал өлсін, патшаның жарлығын орындамаймыз» деп сөйледі. Оны Ү. Саурықов, С. Қанаев, Қ. Шорманов қостап, Ж. Құдайбергенов, К. Әділбеков, Ыстыбаев, Қ. Шотаманов қуаттаған топ өздерінің патша жарлығына қарсы пікірлерін білдірді.

Жәмеңкенің ұйымдастырушылық дарыны 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында айқын байқалады. Патша үкіметінің 1916 жылы 25 маусымдағы жарлығына орай, туындаған жағдайға байланысты Нарынқол-Шарын өңіріндегі Албан руының беделді ел басшылары «Қабан Қарағай» жайлауындағы Ұзақ батырдың ауылында бас қосып, кеңес құрады. Ұзақ батыр ата салтына орай жиынға әдейі арнап, ту боз бие шалады. Жәмеңке тоғыз құнан қой сояды. Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын учаскесінің 4 бөлімі сотының ереуілге байланысты қылмысты іс қозғау туралы 1916 жылы 26 тамыздағы №820 қаулысында: «Мәжілісте Иванов болысының беделді адамы Жәмеңке Мәмбетов бірінші болып сөз алып, адам бермейік деген үгітті ортаға салды. Оның бұл пікірін Құрман болысының беделді адамы Ұзақ Саурықов, Байқұлақ Ұлтарқов, Тұрлығожа Жансеркин, Бекдайыр Солтанқұлов, Диканбай Жанпейісов, Қазыбек Шорманов, Жанпейіс Отыншин, Әбубәкір Байсүгіров, Жаңабай Құдайбергенов, Айтбай Дәркембаев, Әбубәкір Сұлтанбеков қолдап шыға келді. Жері шалғайда жатқан Шілік болысының басшысы Серікбай Қанаев жиынға үлгеріп келе алмағаны айтылып, оның бала бермелік», - деп жазылған хаты жарияланады. «Уәде бұзғаның құдай үйін бұзады» деуші еді атам қазақ, патша уәдесінен тайды, оған да бір зауал болар», - деп қапаланған Жәмеңке: «Берсек бала өледі, бермесек көрі өледі, жас боздақтарды көгендеген қозыдай етіп, ажал оғына тірідей жібергенше, азат соғысына аттанамыз, бірде-бір бала бермейміз. Кір жуып, кіндік кескен жерімізде отырып, жас боздақтардың өмірін қорғаймыз», - деп ұран салып, атқа мініп Алаш туын көтереді [14, 78-81-пп.]. Жәмеңкенің осы «Берсек – бала өледі, бермесек – көрі өледі. Бала өлгенше көрі өлсін!» деген бір ауыз аталы сөзі қалың елдің арасына тез тарап, ұранға айналады.

1916 жылы 12 шілдеде Жаркент уезі бастығы подполковник Ступиннің Жетісу әскери губернаторына жолдаған №278 жедел хатында (телеграмма - *Р.О.*): «Нарынқол-Шарын учаскесі бастығының айтуынша мындаған адам майданға жұмысқа бала бермейміз, соңғы деміміз біткенше деп қарсылық көрсетуде. Болыстар кеңсесін ашып жасалған тізімдерді жоюда. Сондықтан қаладан әскер шығаруға үкім беріңіз» деген мазмұнда болды [15, 9-п.].

Шілденің 19-ы күні Подварковтың атына әскери губернатор Фольбаумнан телеграмма келіп түседі. Онда «бұратаналарды» Патша ағзамның үкіміне қарсы көтеріп дүрбелеңге салған және үкіметке қарсы үгіт жүргізген беделді адамдарды қарулы күш қолданып, тез арада қамауға алып, оларды айдап дереу Пржевальск қаласына жеткізуді тапсырады [15, 63-п.]. Осы бұйрықты қалт жібермей орындауға тырысқан Подварков шілденің 20-сы күні өзіне бағынышты болыстардың күдікті

деп танылған беделді адамдарына, ерекше Жәменке мен Ұзақтың ауылына «шұғыл әңгіме бар, кеңесеміз» деген сылтаумен Қарқараға шақырып, қасына 5-6 солдат қосып атшабарларын жұмсады. Солдаттар мен атшабарларға Жәменке мен Ұзақты зорлап болса да бөлімше бастығының алдына алып келу міндетін жүктеді. Сонымен мұрағат деректеріндегі мәліметтер бойынша бірінші болып көтерілістің 3 басшысы Жәменке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Әубәкір Солтанбековтер 22 шілде де қамауға алынады.

Мұрағат қорларында сақталған құжаттарға зер салсақ, 1916 жылы 16 тамызда Жетісу әскерінің 1-ші жүздігінің командирі Бычковтың Жетісу облысы әскери басшысына жолдаған мәліметінде: «15 және 16 тамыз күндері Верный уезіне қарасты Шығыс Талғар болыстығында қазақтар тыныш, егін жинау жұмыстарымен айналысуда. Аталған болыстықтағы халықтың көңіл күйі мен қатар басқа да болыстықтардағы жағдай мен облыстағы ахуал туралы саудагерлер арқылы білген мәліметтерім төмендегіше:

1. Қапал уезінің Майтөбе атты жерінде Қоғалыға жетпей жақында аймақтағы бес Жалайыр болыстығының жиналысы болып, онда бұрынғы Ұлы жүздің аға сұлтаны болған Тезек Абылайхановтың баласы Құдиярхан Тезекұлын қазақтар хан деп жариялаған.

2. Хорунжий Шелобанов Батыс Талғар болыстығында көтерілген халықты басып оның басшыларын Іленің жағасында тұтқынға алған.

3. Жаркент уезіндегі Албан руының (Қарқара мен Подгорный аймағындағы) шағын топтары Қытайға қашуда. Суан рулары да (Іленің оң жағалауы Алтынемелден Қорғасқа дейінгі) Қытайға қарай қашуға дайын отыр.

4. 14 тамызда Әндіжаннан оралған саудагердің (татар) айтуынша Атбашы учаскесінде жағдай тыныш болған. Қырғыздар арасындағы толқуды Ақпикет (ескі Тоқмақтан жоғары) маңында көрген. Көтеріліске шыққан Сарыбағыш мен Атеке руларына Шабанның балалары басшылық жасауда, сондай-ақ Шабанның бір баласын хан деп жариялаған.

5. Сол саудагердің айтуынша дүнгендер қоныстанған Қарақоныс (Николаевка болыстығы) қыстағы да толқуда, олардың толқуына Қастекте басталған көтеріліс ықпал еткен. Қазіргі уақытта Қастек маңындағы көтерілгендер арасында дүнгендер де бар.

6. Қастек жазығы саудагердің айтуынша қазір бос жатыр, қазақтар өз қыстаулары мен егістік жерлерін тастап кеткен. Мәліметтерге қарағанда көтерілісшілер Қордайға жақын жердегі Суықтөбе маңында топтасуда.

7. Аталған саудагер 12 тамызда Үшқоңыр тауы арқылы өткенде, Үшқоңырда шамамен 2000 мыңға жуық адам жиналып, Жайылмыс болыстығының белгілі тұлғасы Бекболат Әшекеевті хан деп жариялап, Әшекейдің ақ туын көтерген.

8. Мойынқұм мен Сарытауқұм болыстықтары да көтерілген. Әзірше ондағы жағдай туралы толық мәліметтер жоқ.

9. Кіші Алматы болыстығында майданға қара жұмысқа алынатын адамдардың тізімін дұрыс жасамауда. Болыстағы басты адам Діқанбаев өз руынан жұмыскер бермейтіні жайлы ақпар бар. Болыстықта қазір жағдай тыныш әркім өз шаруасымен» - деп мәлімдеген [16, 90-91-пп.].

Осындай ақпармен жіті танысқан билік өкілдері кейбір беделді тұлғаларды өз бақылауына алған. Мысалы, Құдиярхан Тезекұлын Верныйға шақыртып, Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаум тарапынан қысымға алынып, «Алтынемелдегі халыққа жауап беремін» деп құтылады.

Қарқара көтерілісіне қатысқан Іргебай Дөлденбайұлының естелігінде: «10-шы тамызда түнде Жақыпберді Солтанбекұлы бастаған 800 шамасындағы адам Қарқара жәрменкесіне келді. Бұл жақтан 200-дей кісі қосылып, таң ата бергенде патшаның әскеріне шабуыл жасады. Окопта жатып мылтық атқанына қарамастан солдатқа 50 саржандай жерге кісінің алды жеткенде арты қайта қашты. Себебі

солдатқа атты казак орыстар да болысып, бір жағынан шабуыл жасағалы келе жатқанын көріп қашады. Бір-екі адам оққа ұшады. Казак-орыс қазақтың соңына түсіп, қан-сорпа қылады. Қарқараның төңірегіндегі елді түгел шауып алады. Байынқол өзенінде көтеріліске басшы болғандар Шағалақ Ебейұлы, Мұқан Ұзақбайұлы, Байбосын Биқозыұлы, Аққоян Сабаншыұлы, Текес елінен Дәркембай Байеліұлы, Қожеке Жарылқасынұлы, Насыр Жайлыбайұлы, Қайыпберді Сімтікұлы, Байқұлақ Ұлдарбекұлы және т.б. болатын. Олардың қолдарындағы қару түрі шақ етпе пестонды қара мылтық, білтелі қара мылтық, біратар, қосатар, ұшына темір шанышқан қарағай найза, шокпар, айбалта болатын. Поселкеден қашқан орыстар қазақтарды өлтіріп, Төте асуында шанышқан ағашқа өлтіріп байлаған ер адамдардың астын (төнін) кесіп, аузына тығып кеткен. Қарқарадан Нарынқолға келе жатқан әйелдерді өлтіріп, баласын құшақтатып кеткен. Сол тәріздес шабуыл жасаушы казак-орыстар малды талап, үйлерді өртеп, киім-кешекті алғаннан басқаны білмеді» - деп казак-орыстардың қатігездігін ашына еске алады [17, 35-36-пп.].

Осы көтеріліс жөнінде 1885 жылы туылған Додабай Сәрсенбіұлының естелігінде: «1916 жыл 25 маусым болуы керек, бұл жайлы патшаның хабары болды. Старшын басына 70-тен бала бересің деген. Біз сонда старшыннан сұрадық: Қай жастағы адамнан алады деп. Старшын айтты: 19 бен 43 жастың арасы, патшаның бұйрығы осы деп. Мен сонда нақ 31 жастамын. Өзім туа жалғызбын. Менің жасым тізімге тура келген екен. Старшын, менің жайымды өздерің білесіңдер, жалғызбын, қайтемін? – дедім. Жалғыз болмақ түгіл, жарым болсаңда, саған бола патша жарлығы бұзылмайды деді.

Бұл кезде өзіміздің еліміздің болысы Сәлім Әтейбекұлы дейтін жігіт еді. Бір қайраны болама деп Сәлім болысты іздеп, атқа міндім. Іздеп жүріп болысты тауып жолықтым. «Қарақ, патша жарлығы екі болмайды. Егер жасың ілінсе барасың. Бірақ бала түгел жиналсын. Егер толықтанса, сенің старшының да бала, оны кейінен көрерміз», – деп жауап берді. Сонда Мәмбетұлы Жәмеңке деген атақты адамымыз болатын. Бұл адамның жетім-жесірге аздап қайраны тиетін адам еді. Енді осы кісіні іздедім. Салып отырып, Жәмеңке батырды іздеп ауылына барсам. Жәмеңке үйінде жоқ екен. Бала-шағасынан Жәкең қайда? – деп сұрап едім, - Ұзақ батырдың ауылына барамын, - деп атқа мінді деді. Мұнан шығып Ұзақ ауылына барсам бүгін осында қонды. Жаңа ғана Ұзақ, Жәмеңке т.б. бір қатар жақсылар жәрмеңкеге кетті деді. Бұлардың артынан жүріп отырып жәрмеңкеге келсем, Жәрмеңкенің бас жағында Албанның өңкей жақсы, басшы адамдары жиналып жатыр екен. Мен де жиналыстың шетіне келіп, сыртта тұрғанымда «патшаға бала береміз бе, жоқ па?» деп кеңесіп жатыр екен. Сонда Айт елінің болысы Рақымбай Солтанқұлұлы: «Жиналған көп, патшаға бала бермей шыдай алмаймыз, беруіміз керек» - деді. Сонда Сұлтанбекұлы Әубәкір: - Былшылдаған қызталақ, бөдіректің басын кес, сенің тиындап беретін банкің емеспіз, бала бермейміз, - деп Рақымбайға тұра ұмтылды. Рақымбай қашып, ұлыққа қарай жөнелді. Сонда тұрып, Тұрлықожа Жансеркеұлы: Анау оңбаған Сарыала бұлдіретін болды. Енді ұлық келеді. Ұлыққа кім, қалай деп жауап береді? Соны ақылдасайық, деді көпке. Жәмеңке тұрып: Атасы Тазабек казак - орысқа қарамаймын – деп жанжал шығарған. Соның баласы Әубәкір берсін-деді. Әубәкір тұрып: Жок, Жәке, жауапты Ұзақ батыр берсін. Бұған жұрт не дейсіңдер? деп көпке қарап еді, жұрт дұрыс, Ұзақ батыр берсін, Ұзақ батыр берсін, - деп шу ете түсті. Көп ұзамай қасында Рақымбай және ұлықтар: (ақ желке), прокурордың орынбасары, поштаның бастығы, бір сыпыра адамдар топқа келді. Бұлар сонда ат үстінде тұрып: ал Ұзақ, Жәмеңке батыр, бала беремісің, жоқ бермеймісің? Бір жауабыңды бер, - деді. Сонда бұларға көп ішінен шығып Ұзақ батыр, жауап береді.

Осы ел сендерге 1864 жылы қарады. Сонда патшаның уәдесі бар еді. Қазақтан солдат алмаймын және алымды аз аламын. Жылына 1 сом 20 тиын ғана рамат

аламын- деді. Онан кейін жерді тартып алып, орысқа әпердіндер деді Ұзақ. – Ұзақ, ол сөзінді қой, қысқасы бала беремісің, жоқ па? – деді ұлық. Сонда Ұзақ батыр: «Әй, ұлық, осы алған балаларға не істетпексің», - деді. Ұлық: «балалар солдаттың окобын қазады. Басқа соғысқа кірмейді» - деді. Ұзақтың қаны қайнап кетсе керек, жұлып алғандай, орнынан ұшып тұрып: «Сен, оны айтып тұрған ұлық, былшылдапсың, хан әділетінен тайса, қара болады. Тым болмаса қолына жабдық бермей күрзінің аузына тығамын дегенің әділетіңнен тайғаның емес пе? Мұны айтқан ұлық, былшылдапсың», – деп дауысын қатты шығарып, үш рет, үдеме-үдеме боқтап жібергені. Бұдан басқа жан адамнан сөз шықпады. Ұлықтар үндемеді. Жүріп кетті. Сол жерде 2 стражник тұрып қалды. Ұлықтың үйіне баруы мұн екен 4 стражник топқа жетіп келді де: «Ұзақ, Жәмеңке екеуің жүресің» – деді. Сонда, Ұзақ орнынан тұрып: «Бізге не қыласың? Бармаймын, не қылмақсың?», – деді.

Сонымен жақсылар енді жиналысымыз ертең жәрмеңкенің аяқ жағында болсын десіп тарасып кетті. Сол күні қалай қолға түсірді екен, Ұзақ пен Жәмеңкені кешке жақын ұлық қамап қойыпты. Ертесі жұрт жәрмеңкенің аяғындағы сазға жиналды. Онда Әубәкір Тазабекұлы: «Ұзақ пен Жәмеңке қамалды деп өңкей жас баланы көгенге тізіп бере алмаймыз. Бұларды бергенше, біз құрбандық боламыз». Жұрт «дұрыс айтады, Әуекен» деп шу ете түсті. Осы сөзге мақұлдасты. Бала берілмес болды. Айналасы 3 күн ішінде Ұзақ, Жәмеңке ішінде Әубәкір бастаған 12 адамды ұстап қамап, Қарақолға айдап кетті. Қалған бірқатар адамды Жәрмеңкеге қамады. Жұрт тарапты. Мен ауылға келдім. Екі арада 21 күн болды. Бір күні «Қарақолдағы 12 адамды атты» деген хабар келді. Сонан Нарынқолдың аяғында Ұзақ батырдың ауылы Ноғай Толағайда еді. Сол ауылда бір қатар Текес болысындағы Албандар жиналып бас қосады деп жұрт жиналып барды. Барғандармен Сұлтанәлі Саурық батырдың баласы сөйлесті. Сұлтанәлінің ауылында 4 түрік жатыр екен. Бұл түріктердің қайдан келгенін білмедік. Бұлар жабдықты адамдар. Сонда түріктер былай деді: «Сендер жұрттық қылып, жиналып әскер тізіңдер. Біз басқарайық. Казак-орыспен атысалық, осыған қалай дейсіңдер?» - деді. Жұрт мақұлдасып 1000 кісі жинап бермек болды. Барлық жабдықтың санын алғанда 500 шамасы болды. Мұнда жарамды мылтық пестон, бір қатарында бердеңке, қалған 500 адамда айбалта, ешкінің құйрығынан шашақтаған найза. Осы құралдармен қаруландырып, 1000 адамды әскер тізбек болып, сол күні уәделесті. Бірақ үш күнге дейін ешкім жиналмады. Біздің ауылдың адамы жиналып, 3 күннен кейін бардық. Сол күні болыстарға хабар келді. «Қырғыз сайдан ұлық Кравченко 2000 адаммен Саржазға келіпті. Ел қашпасын, бәрі бір Қытайға барғанымен алдырамыз деп келе жатыр» деген хабар елге жетті. Сонымен «келер жаудың алдынан барамыз, кім жүреді?», – деп түріктер айтып еді, ешкім ілеспеді. Бірақ мен ішіндемін, 25 адам, 2 түрік ішімізде, Қақпаққа қарай жүрдік. Қақпақ ауылына барсақ, Төтенің аузынан шаң бұрық ете түсті. Түріктер дүрбімен қарады да «бәрі де орыс екен, алдынан баралық» - деп, алдынан бардық. Барған жеріміз жайсыз болғандықтан қайта жүріп, Қақпақтың басындағы шатқа барып тұрғанда әскердің алды Қақпақ селосына келді. Енді оқ аталық деді түрік. Мақұл, - деп мылтық аттық. Екі түрік бізден бөлек отырып атты. Сонда 2 түрік атқанда 2 кісі, 2 ат өлді. Әскер шоғырланып, жиналып алып, бізге қарай күрзі (зеңбірек) атқанда қасымыздағы бір жолдасым – Жөңдібай деген жігітке зеңбіректің оғынан шашыраған тас келіп тиіп, бір қабырғасын сындырған екен. Байқадық, әскер көп, әліміз келмес, енді қайталық деп айттық. Жазыққа түсу қайда, таумен жүріп отырып, бір жерге келсек, Көкбел деген жерге қалың қырғыздар келіп түнеген екен. Бұлардың үстіне жаңағы әскердің бір бөлігі келіп тұрып, несін айтасың, тарсылдақтың астына алып жатыр екен. Біздің шамамыз келмейтін болған соң, өз жайымызға бас қорғап жүріп кеттік. Қайтып, Нарынқолдағы ауылға қарай жүріп келе жатқанымызда түн болды. Бір кезде аяқ астынан мылтық тарс ете қалды. Быт-шыт болдық. Біз үш кісі бөлек кеттік. Қалғандарымыздың қайда екенін білмедік. Жүріп отырып Нарынқолдың

бас жағында Бозтөбе деген жерге келсек, ел бұзыла көшкен. Біздің ауыл бұл елден бөлініп, Сүмбе шекарасына кетіпті. Бұлар көшіп Нарынқол шекарасынан өтпек болып, алды Ақбұлақ, арты Сары Қапталда отыр екен. Біздің алдымыз шекараға таяп қалыпты. Енді «есің бар да, еліңді тап» - деп Бозтөбеден шығып Нарынқолдың тоғайын жабындап келе жатыр едік, тау ішінен мылтық тарс ете түсті. Біз байқамаппыз, Қызылұш деген шоқыда казак-орыстар күрзисін орнатып, Нарынқолдың бас жағындағы көшкен елге атып жатыр екен. Солардың жүрген адамы екен. Әлгі мылтық атылған жерде қасымдағы жолдасым Інкәрбай Нұрабай дейтін жігіт аттан ұшып кетті. Сонымен екі жігіт тоғай арасымен қашып отырып, ауылға бардық. Ауыл Бурылдың жағасында екен. Ол жер осы күнгі Есекартқан ауылының жері болады. Біз де намаздыгер шамасында бардық. Сол күні жиналып отырған ел 7 мың түтін екен. Көшіп Қалмақ жеріне өттік. Сонда Текес суының бер жағы Алманың жары деген жерге 3 күн қамап, Қытай елден аласасын алып, Текес суынан 7 мың түтін 3 күн шұбырып өттік. Суға кеткен қатын-бала судың бетін сең қылды, мал онан көп. Қысқасы қырғынның әкесі осы жерде болды. Қытай жерінде Кілеңнің тоғайы деген тоғайдан орын берді. Бұл тоғайдың айналасы бас аяғы бір шақырым. Жеті мың түтін малымызбен осы тоғайда қамауда қалдық. Қар жауды. Мал да қырылды. Сол, сол екен, ел тозды, бытырап быт-шыт болды. Өзіміз бір қатар ел Үшмыс деген жерге бардық. Осы жыл көктемі болды. 1917 жылы Қытай елді жинап, қайта айдады. Барлығы 4 мың шамалы түтін болды. Ел аш, тамақ жоқ. Мал жоқ. Шекарадан өткенде, баяғы қырғын қырғын емес, қырғынның әкесі енді болды» - деп 1916 жылғы көтеріліс барысын және қазақтардың Қытайға босу себептерін баяндайды [18, 1-5-пп.].

Жазалаушы отрядтардың қысымымен қазақ-қырғыз босқындары көп жағдайда Қытай шекарасын бұзып өткен. Сондай-ақ, қытайлықтардың шекара маңына шоғырланған қазақтар мен қырғыздарды өткізіп жіберу үшін төлем ретінде 9 жорға, 9 арғымақ, 10 мың сом және 12 жамбы алған кездері де болған [19, 185-п.].

1916 жылғы Қарқара көтерілісі кезінде Жаркент уезінен Қытай жеріне ауа көшкен адамдар туралы мұрағаттың 44 қорында сақталған мына құжатта түтін санымен көрсетілген.

**3 кесте** - 1916 жылғы Қарқара көтерілісі кезінде Жаркент уезінен Қытай жеріне ауа көшкен адамдар саны [20, 65-п.]:

Уездегі болыстардың аты	Көтеріліске дейін	Бүгінгі уақытта	Көтерілістен кейін Қытайға көшіп кеткендер
1	2	3	4
<b>Суан болыстықтары</b>			
Тоқарыстан	860	410	450
Байтүгей	750	180	570
Сағай	800	228	572
Тұрдымбет	921	470	451
Түгерек	616	616	-
Борохұдзар	1012	790	222
<b>Албан болыстықтары</b>			
Қожмамбет	1351	510	841
Шілік	1102	520	582
Меркі	1169	50	1119
Торыайғыр	777	140	637
Сарытоғай	677	190	487
Қоңырбөрік	1122	215	907
Бөдегі	803	265	533
Кеген	972	140	832
Құрман	927	80	847
Айт	912	90	822
Алжан	903	100	803
Иванов	787	-	787
Байынқол	863	-	863
Әділбек	388	-	388
<b>барлығы</b>	<b>17712</b>	<b>5094</b>	<b>12612</b>

Жаркент уезінен майданға қара жұмысқа қазақтардан ешкім барған жоқ. Аталған уезд қазақтары жазалаушы әскердің тегеуіріне шыдамай Қытай асқан

болатын. Уездге қарасты тараншы (үйғыр – *P.O.*) болыстықтарынан майданға қара жұмысқа алынғандарға сот тілмашы Әубәкір Жүнісұлы бас болып, барып келген.

Бір ғана Жетісу облысында көтерілісшілерге қарсы 2 казак полкі, 1 атты батарея, 95 рота, 24 жүздік, 240 атты барлаушылар 16 зеңбірек, 47 пулеметімен қойылды. Барлық жағынан әскери өнерді меңгерген, бір орталықтан басқарылған, бақайшағына дейін қаруланған патша әскеріне қарсы ұлттық намыс пен рухы көтеріңкі, бірақ қарапайым қаруланған қазақтар қарсы тұрды [10, с. 649].

Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, сот үкімімен Түркістан өлкесінде 1917 ж. 1 ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам қаторгалық жұмыстарға, 228 адам қамалуға, 129 адам түрмеге жабылуға кесілді. Патша өкімет орындары қудалаған 300 мың қазақтар мен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға қашуға мәжбүр болды. XX ғасыр басында отарлық езгіге қарсы бағытталған Жетісу жеріндегі 1916 жылғы көтерілісі жеңіліспен аяқталды. Ғасыр басында қазақ халқы өз жерін тастап көрші елдерге босуға мәжбүр болды. Патшаның жазалаушы әскері бас көтерген қазақтарды атты, шапты, түрмеге салды, дарға да асты, бірақ тәуелсіздікке ұмтылған ұлттық рухын жоя алмады.

### Деректер

- 1 РФММ. 5325-к., 1-т., 403-іс.
- 2 ҚР ОММ. 64-к., 1-т., 5587-іс.
- 3 Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (исторический очерк). – Ташкент: Изд. Ср.-Аз. Ком. Ун-та им В.И. Ленина, 1926. – 90 с.
- 4 ҚР ОММ. 41-к., 1-т., 252-іс.
- 5 ӨР ОММ. 1-к., 1-т., 17654-іс.
- 6 Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 376 с.
- 7 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
- 8 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 347 с.
- 9 Турсынбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 481 с.
- 10 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. – Алматы: «Атамұра», 2000. – 768 с.
- 11 Ковалев П.А. Тыловые рабочие Туркестана в годы первой мировой войны. – Ташкент: Госиздат Уз ССР, 1957. – 187 с.
- 12 ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 20068-іс.
- 13 ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 20081-іс.
- 14 ҚР ОММ. 109-к., 1-т., 35-іс.
- 15 ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 20076-іс.
- 16 ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 20072-іс.
- 17 ҚР ОММ. 427-к., 1-т., 159-іс.
- 18 ҚР ОММ. 427-к., 1-т., 168-іс.
- 19 ӨР ОММ. 461-к., 1-т., 1887-іс.
- 20 ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 20070-іс.

### References:

- 1 RFMM. 5325-k., 1-t., 403-is.
- 2 KR OMM. 64-k., 1-t., 5587-is.
- 3 Galuzo P.G. Vooruzhenie russkih pereselencev v Srednej Azii (istoricheskij ocherk). – Tashkent: Izd. Sr.-Az. Kom. Un-ta im V.I. Lenina, 1926. – 90 s.
- 4 KR OMM. 41-k., 1-t., 252-is.
- 5 OR OMM. 1-k., 1-t., 17654-is.
- 6 Sapargaliev G.S. Karatel'naja politika carizma v Kazahstane (1905-1917 gg.). – Alma-Ata: Nauka, 1966. – 376 s.

- 7 Koigeldiev M. Alash kozgalysy. – Almaty: Mektep, 2008. – 480 b.  
8 Galuzo P.G. Agrarnye otnosheniya na Juge Kazahstana 1867-1914 gg. – Alma-Ata: Nauka, 1965. – 347 s.  
9 Tursynbaev A.B. Kazahskij aul v treh revoljucijah. – Alma-Ata: Kazahstan, 1967. – 481 s.  
10 Istorija Kazahstana (s drevnejshih vremen do nashih dnejj). V pjati tomah. Tom 3. – Almaty: «Atamyr», 2000. – 768 s.  
11 Kovalev P.A. Tylovyje rabochie Turkestana v gody pervoj mirovoj vojny. – Tashkent: Gosizdat Uz SSR, 1957. – 187 s.  
12 KR OMM. 44-k., 1-t., 20068-is.  
13 KR OMM. 44-k., 1-t., 20081-is.  
14 KR OMM. 109-k., 1-t., 35-is.  
15 KR OMM. 44-k., 1-t., 20076-is.  
16 KR OMM. 44-k., 1-t., 20072-is.  
17 KR OMM. 427-k, 1-t, 159-is.  
18 KR OMM. 427-k., 1-t., 168-is.  
19 OR OMM. 461-k., 1-t., 1887-is.  
20 KR OMM. 44-k., 1-t., 20070-is.

#### **ОРАЗОВ Р.Е.**

Научный сотрудник отдела нового времени истории Казахстана  
Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

#### **СЕМИРЕЧЬЕ 1916 ГОД: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ**

##### **Резюме**

В данной статье приведены причины восстаний, возникавших в Семиреченской области в 1916 году, а также количество людей призванных на фронтовые работы из данного края. Также проанализированы факты из архивных документов о постановлениях областного губернатора и начальников Жаркентского уезда о признании организаторами восстания в Каркаре Жаменке Мамбетулы и Узак Саурукулы, и вынесении решения по данным лицам. Изложены данные архивных материалов о количестве казахов Жаркентского уезда не выдержавших карательных деяний войск и сбежавших в Китай. Автор излагает свои взгляды и выводы опираясь на факты из архивных документов.

**Ключевые слова:** 1916 год, Семиречье, восстание, военный губернатор, пристав, коллонизация, беженцы.

#### **ORAZOV R.Y.**

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology Department of the Modern  
History of Kazakhstan Research Fellow

#### **SEMIRECHYE 1916: IN THE ARCHIVAL DOCUMENTS**

##### **Summary**

In this article the author describes the reasons for the uprisings in the Semirechenskaya oblast in 1916, as well as the number of people called up for front-line work from this region. There were also analyzed the facts of the archival documents about the decisions of the regional governor and the heads of Zharkent district on the recognition Zhamenke Mambetuly and Uzak Saurukuly as the organizers of Karkara uprising, and making decisions on these persons. The author adduced the details of archival material on the number of Kazakhs in Zharkent uezd who not stood the punitive actions of troops and fled to China. The author presents his views and conclusions based on the facts of the archival documents.

**Keywords:** 1916, Semirechye, uprising, military governor, bailiff, colonization, refugees.